

**Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы.**

Бұйрық № 76 н/к

Кентау қаласы

29 тамыз 2024 ж

**«Педагогикалық әдеп
кеңесін құру туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020жылдың 26 тамыздағы №2-093/3156 И хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 11 мамырындағы №190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын;

1. Сарсенбаева Н.А –меңгеруші м.у.а , Кеңес төрайымы
2. Конкабаева К–логопед-дефектолог МККМ№7 ,Кеңес мүшесі
3. Досболова Г.Ә- зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
4. Бейсембаева Р.К –балабақша әдіскері, Кеңес мүшесі
5. Дүйсенбаева Б- зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
6. Қалдыбек Ж.М -тәрбиеші, Кеңес хатшысы

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Ж.Қалдыбек тағайындалып, кеңестің іс-қағаздарын жүргізуді қамтамассыз етсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Балабақша
Меңгерушісі м.у.а:**



Сарсенбаева Н.А.

Бұйрықпен таныстым:

Сарсенбаева Н.

(Т.А.Ә)

Консалбаева С

(Т.А.Ә)

Досбалова Т.А

(Т.А.Ә)

Бекмашева Р.К

(Т.А.Ә)

Дүйсбаева Б

(Т.А.Ә)

Калдыбекев И

(Т.А.Ә)

Ал
(қолы)

Сул
(қолы)

Дос
(қолы)

Р.К
(қолы)

Б.Д
(қолы)

И.К
(қолы)

29.08.2024 ж
(күні)

29.08.2024 ж
(күні)

29.08.2024 ж
(күні)

29.08.2024 ж
(күні)

29.08.2024 ж
(күні)

29.08.2024 ж
(күні)

БЕКІТЕМІН
 ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
 балабақшасының меңгерушісі м.у.а
 Н.А.Сарсенбаева
 2024ж

ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

P/c	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагог мәртебесі.	Қыркүйек 2024жыл	Хаттама
2	Педагогикалықәдепкеңесінің №2 отырысы . Күнтәртібінде 1. педагогтің ақылы еңбек демалысына шығу тәртібі. 2.Педагогикалықәдепжәнепедагогикалық тактика 3. Педагогикалықәдепжәнесөйлеумәдениеті	Қараша 2024 жыл	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Наурыз 2025 жыл	хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагог бейнесі 2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3 .Ата-аналармен дұрыс сөйлеу әдебі.	Мамыр 2025жыл	хаттама

**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы
09 қыркүйек 2024 жыл**

Қатысқандар: 17

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрайымы Н.А.Сарсенбаева
 2. Педагог мәртебесі мүшесі: Конкабаева К
- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы сөз алды:**

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүтінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар бүгінгі кеңестің төрайымы ретінде балабақша меңгерушісі Б.Н.Мусабаева жұмысқа түскен сәттен меңгеруші м.у.а қызметі аяқталып, әдеп кеңесінің төрайымы ауысады. Төрайым міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Конкабаева Карлигаш (логопед-дефектолог)

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

2) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;

3) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымдарында және білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;

4) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

Педагог мәртебесі-21 баптан тұрады.

Педагогтік әдеп

1. Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.
2. Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.
3. Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:
 - 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
 - 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;
 - 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
 - 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;
 - 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
 - 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
 - 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
 - 17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
 - 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
 - 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
 - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: Нургуль Абуталибовна

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Н.Сарсенбаева

Хатшы:

Қалдыбек Ж.



**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

18 қараша 2024 жыл

Қатысқандар:15

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің ақылы еңбек демалысына шығу тәртібі./кеңес төрайымы Б.Н.Мусабаева
3. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі Бейсембаева Р.К
4. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес мүшесі Дүйсенбаева Б.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы
Ботакоз Нуржановна :**

Әрбір жұмысшы ақылы еңбек демалысына құқығы бар, ал жұмыс беруші жұмысшыға жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге міндетті.Еңбек кодексінің 92,93 баптарына сәйкес, жұмыскерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі. Жыл сайынғы еңбек демалысы жұмыскердің пікірін ескере отырып, жұмыс беруші бекіткен демалыс кестесіне сәйкес белгіленеді немесе тараптардың келісімі бойынша демалыс кестесінен тыс белгіленеді.

Еңбек кодексіне сәйкес, жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысының ұзақтығы 24 күнтізбелік күнді құрайды. Сонымен қатар, жұмыскерлердің өзге санаттарына жыл сайынғы қосымша демалыс беру және оның ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленуі мүмкін.Мысалға, педагогтердің жыл сайынғы ақылы төленетін еңбек демалысына тоқтайтын болсақ:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, орта білім беру ұйымдарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтары мен оларға теңестірілген тұлғаларына 56 күнтізбелік күндік жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі. Ал 42 күнтізбелік күн – оқу-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін беріледі.

Еңбек демалысының ақысы орташа күндік жалақыны демалыс күндерінің санына көбейту арқылы есептеледі. Орташа күндік табыс 12 айдағы ұсталған жалақы сомасын нақты жұмыс күндерінің санына бөлу арқылы есептеледі. Егер мұғалім бір жылдан аз жұмыс істеген болса, онда есептеулер нақты жұмыс істеген айлар үшін жасалады.

Демалыс беру кезінде мұғалімдерге лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді. Нормативтік оқу жүктемесі белгіленген мұғалімдердің, оқытушылардың, қосымша білім беру педагогтарының, тәрбиешілердің, басқа педагогтарға сауықтыру жәрдемақыларының мөлшері еңбек демалысын беру күніне олардың нақты оқу жүктемесінен есептеледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Райхан Кенжебаевна :

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан ғана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б.жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді,

оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Дуйсенбаева Бибисара;

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Педагогке керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер тәрбиеші өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

2/ Тәрбиешінің педагогикалық әдебін сақтауда педагогтің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.

3/ Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:  Мусабаева Б.Н.

Хатшы:



Қалдыбек Ж.

**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы**

31 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

1. Педагогтардың құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы
Мусбаева Ботакоз:**

Педагог жұмыскердің:

- 1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
- 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 3) дара педагогтік қызметке;
- 4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 5) білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) үш жылда бір реттен сиретпей, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға;
- 7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 8) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге;
- 9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
- 10) әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;
- 11) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
- 12) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;
- 13) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

3. Педагог жұмыскер:

- 1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;
- 8) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Бейсембаева Райхан (әдіскер)

Педагог ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Райхан Кенжебаевна чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Досболова Гүлжахан :

Педагогикалық әдеп-этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері:

- кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас
- Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау
- Эмоционалдық байсалдылық, әдептілік
- Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері:

- Әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау
- Өзмінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау
- Өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

Педагогикалық әдеп:

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде
- сөйлесу икемділігінде
- оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде
- өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде
- ескерту жасаған кезде
- баланың мінез-құлқына баға берген кезде
- мадақтау және жазалай білу икемділігінде
- дауысы ырғағында

Педагогикалық әдептің ерекшеліктері:

- 1) ұстаздың кәсіби мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі өлшем
- 2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді таңдау өлшемі

Әдептілік - педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек.

Педагог қызметінде өз пәнін жетік білуге және оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеру маңызды ма, әлде оның педагогикалық әдептілігі мен өмірлік ұстанымы маңызды ма?

Кеңес төрайымы

Мусабаева Б.Н.

Хатшы

Қалдыбек Ж.



**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

29 мамыр 2025 жыл

**Қатысқандар: 17
Күн тәртібінде**

1. Педагог бейнесі
2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары.
3. Ата –аналармен дұрыс сөйлесу әдебі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Мусабаева Ботакоз сөз алды:

Педагог бейнесі – бұл баланы жан-жақты дамытуға, тәрбиелеуге, оқытуға бағытталған мұғалімнің кәсіби және адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Бұл бейне көптеген аспектілерден құралады және әр педагогтың кәсіби қызметінде маңызды рөл атқарады. Төменде педагог бейнесінің негізгі сипаттамалары көрсетілген:

1. Адамгершілік және рухани қасиеттері:

Мейірімділік – балалармен қарым-қатынас жасауда шынайы қамқорлық көрсету.

Төзімділік – әр баланың ерекшелігін қабылдай білу және оларға түсіністікпен қарау.

Әділеттілік – әр баланы тең қарастыру, ешкімді алаламау.

Рухани байлық – мәдениетке, өнерге, ғылымға деген сүйіспеншілік, оны балаларға жеткізе білу.

2. Кәсіби құзыреттілік:

Педагогикалық білім – заманауи оқыту әдістері мен технологияларын меңгеру.

Жеке шығармашылық – оқыту процесінде жаңашыл идеяларды пайдалану.

Коммуникативтік дағдылар – балалармен, ата-аналармен, әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату.

Ұйымдастырушылық қабілет – топты басқаруда және іс-шараларды ұйымдастыруда шеберлік.

3. Жеке қасиеттері:

Жауапкершілік – өз қызметіне және балалардың дамуына жауапты болу.

Өзін-өзі дамыту – үнемі білімін жетілдіру және жаңа білім алуға ұмтылу.

Шыдамдылық – түрлі жағдайларда сабыр сақтап, эмоционалдық тұрақтылықты көрсету.

Оптимизм – қиындықтарға қарамастан, болашаққа сеніммен қарау және позитивті энергия тарату.

4. Эстетикалық бейнесі:

Сыртқы келбеті – ұқыпты, жинақы, балаларға үлгі боларлықтай болу.

Мәдени сөйлеу тілі – сөздің тазалығы, логикалылығы және түсініктілігі.

Дене тілін қолдану – дұрыс мимика, қимылдар арқылы өз ойын жеткізе білу.

5. Мақсатқа бағытталған қызметі:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қоғамның жән еотбасының құндылықтарын балалар бойына сіңіру.

Әр баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасау.

6. Заманауи педагог бейнесі:

Цифрлық сауаттылық – IT технологияларды сабақ беру мен балалардың дамуына тиімді қолдану.

Инклюзивтілік – әртүрлі деңгейдегі балалармен жұмыс істей алу.

Әлемдік трендтерді білу – халықаралық тәжірибелерді зерттеп, педагогикалық қызметке енгізу.

Педагог бейнесі – бұл кәсіби міндеттер мен адамгершілік құндылықтарды үйлесімді түрде біріктірген тұлға. Мұндай бейне балаға үлгі болып, қоғамда мұғалім мамандығының беделін арттырады деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін Досболова Гүлжахан Өзінді-өзін тәрбиелеу – жеке тұлғаның өзіндік даму және өзін жетілдіру үдерісі. Бұл адамның моральдық, рухани, психологиялық, және физикалық қасиеттерін жақсартуға бағытталған мақсатты әрекеттер жиынтығы. Төменде өзін-өзі тәрбиелеу жолдарының негізгі аспектілері келтірілген:

1. Мақсат қою және жоспар жасау

Өзіңізге нақты, қолжетімді, әрі өлшенетін мақсаттар қойыңыз.

Күнделікті, апталық және айлық жоспарлар жасаңыз.

Жоспарды орындау барысында нәтижелерді қадағалаңыз.

2. Өзін-өзі бақылау

Әрекеттеріңізді және мінез-құлқыңызды жүйелі түрде талдаңыз.

Жіберілген қателіктерді жазып, оларды түзету жолдарын анықтаңыз.

Ішкі тәртіпті қалыптастыру үшін тұрақтылықты дамытыңыз.

3. Жетістіктер мен сәтсіздіктерді талдау

Жеткен жетістіктеріңізді бағалаңыз және марапаттаңыз.

Сәтсіздіктерден сабақ алыңыз, оларға сын тұрғысынан қараңыз.

Өзіңіздікін алудың орнына алға жылжуға мотивация алыңыз.

4. Ойлау және мінез-құлықты өзгерту

Теріс ойларды жағымды ойларға ауыстырыңыз.

Позитивті әдеттерді қалыптастырыңыз.

Сындарлы шешім қабылдауға және сабырлылыққа бейімделіңіз.

5. Өзіндік білім алу

Жеке дамуға арналған кітаптар, мақалалар мен курстарды оқыңыз.

Жаңа дағдыларды игеруге уақыт бөліңіз.

Тәжірибе жинақтау үшін шығармашылық жобаларға қатысыңыз.

6. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

Күнделікті физикалық жаттығулар жасаңыз.

Дұрыс тамақтаныңыз және ұйқы режимін сақтаңыз.

Зиянды әдеттерден арылып, денсаулығыңызды күтіңіз.

7. Өзіңізді сынап көру

Өз мүмкіндіктеріңізді шектемеңіз, жаңа істерге тәуекел етіңіз.

Бейтаныс салаларда өзін сынап, шекараңызды кеңейтіңіз.

Өз тәжірибеніңізді үнемі жаңартып отырыңыз деп кеңес берді.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Бейсембаева Райхан:

Ата-аналармен дұрыс сөйлесу әдебі – педагогтардың, тәрбиешілердің, және білім беру саласындағы мамандардың маңызды кәсіби дағдыларының бірі. Бұл қарым-қатынас өзара сенімділік пен сыйластыққа негізделуі тиіс.

1. Құрмет көрсету

Әрқашан сыпайылық танытыңыз және ата-аналардың көзқарасын құрметтеңіз.

Қарым-қатынаста дауыс көтеруден, бұйырудан, немесе сын айтудан аулақ болыңыз.

Ата-аналардың аты-жөнін дұрыс айтып, оларға «Сіз» деп сөйлеңіз.

2. Тең құқылы серіктестік ұстанымы

Ата-аналарды баланың тәрбиесі мен дамуы жөніндегі серіктес ретінде қабылдаңыз.

Әңгімеде «мен-басшы, сен-орындаушы» ұстанымынан аулақ болыңыз.

Баланың мүддесі үшін бірге жұмыс істеуге баса назар аударыңыз.

3. Тыңдау және түсіну

Ата-аналарды мұқият тыңдаңыз, сөздерін бөлмеңіз.

Сөзсіз тыңдау элементтерін қолданыңыз (бас изеу, жылы көзқарас, қызығушылық білдіру).

Олардың айтқандарына түсіністікпен қарап, эмоцияларын қабылдауға тырысыңыз.

4. Эмоциялық тепе-теңдікті сақтау

Кез келген жағдайда сабырлы және ұстамды болыңыз.

Ата-аналардың эмоциясына қарсы жауап қайтармаңыз, оларды тыныштандыруға тырысыңыз.

Өз эмоцияңызды басқара біліңіз және агрессияға жол бермеңіз.

5. Түсіністікке ұмтылу

Ата-аналардың көзқарасын түсінуге және олардың жағдайына жанашырлық танытуға тырысыңыз.

Ата-аналардың уайымдарына немесе сұрақтарына құрметпен жауап беріңіз.

Дау-дамай туындаған жағдайда ортақ шешім табуға басымдық беріңіз.

Пайдалы кеңестер:

Жеке кездесулерді немесе жиналыстарды алдын ала жоспарлаңыз.
Сөйлесу барысында ата-аналарға баланың жағымды болашағын елестетуге көмектесіңіз.
Сұхбаттасу кезінде шынайы болыңыз, бірақ кәсібилігіңізді ұмытпаңыз.
Ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату – білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі.
Сыйластық, ашықтық, және ынтымақтастық арқылы балалардың жан-жақты дамуына ортақ үлес қосуға болады деп сөзін аяқтады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық этиканы сақтау.
2. Ата-аналармен әдептілік сақтап сөйлесу.

Кеңес төрайымы:

Мусабаева Б.Н

Хатшы:

Қалдыбек Ж

